ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 21 қараша №2/14476/2024 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық судьясы А.Қ.Қанбаев оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«№1 Автобус паркі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – АҚ, тапсырыс беруші)

ЖАУАПКЕР:
«QazzaQ01» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – ЖШС)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай - Заң) шеңберінде баға ұсыныстарын ұсыну тәсілімен 2024 жылғы 03 қыркүйектегі тараптар арасында жасалған мемлекеттік сатып алу туралы №400 шарты (әрі қарай – шарт) бойынша, ЖШС тапсырыс берушінің өтінімімен 15 күнтізбесі ішінде сипаттары №1,2 қосымшаларда көрсетілген 16 метр канализация құбырын жеткізуге, ал тапсырыс беруші қабылдауға және 27 040 теңге мөлшеріндегі құнын төлеуге міндеттенді (жарияланған сатып алу құны- 27 392 теңге).

Шарттың нысаны мен мазмұны Азаматтық кодекстің (әрі қарай –АК) 378, 382, 384, 385, 386, 393, 394-баптарының талаптарына сәйкес келеді және ешкім дау айтпаған, өзгеріс енгізілмеген.

Шартқа сәйкес тараптар арасында АК-ның 406 және 458-баптарына сай сатып алудың тауар жеткізілімі құқықтық қатынастары пайда болған, ол бойынша ЖШС сипаттамалары шартта көрсетілген тауарды мерзімінде жеткізуге, ал АҚ - оны қабылдауға және ақы төлеуге міндеттенген.

Тапсырыс берушінің 2024 жылғы 16 қарашадағы тауарды жеткізу туралы 01 қазанға дейін орындалуы тиіс өтінімі ЖШС тарапынан қандай да бөлігінде орындалмаған. Сол себепті 2024 жылғы 02 қазанда тапсырыс беруші шартты біржақты түрде бұзған, онымен ЖШС танысқан және оған шағым келтірмеген.

Жауапкердің шарттағы міндетін бұзып, тауарларды негізсіз жеткізбеуі себепті талап қоюшы оны мемлекеттік сатып алудың жошықсыз қатысушысы деп тану талабымен сотқа жүгінген.

Заңның 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талаппен жүгінуге міндетті.

Сот Азаматтық процестік кодекстің (әрі қарай –АПК) 267-3-бабының 6 бөлігінде көзделген жекелеген процестік әрекеттерді 2024 жылғы 19 қарашада жүргізді, онда талап қоюшы өз уәждерін қуаттады, ал ЖШС басшысы онымен толығымен келісті, міндеттемесін бұзуын тауарды жеткізуге мүмкіндігі жоқтығымен түсіндірді.

Тараптардың дәлелдерін бағалау кезінде сот жауапкердің міндеттерін орындамағанын, міндеттемені бұзуына оның кінәсімен жол берілгенін, одан тапсырыс берушіге елеулі нұсқан келгенін, сол себепті шарттың біржақты бұзылғанын, ал тапсырыс беруші тарапынан жеткізушіге өз міндеттемесін іске асыруына қандай да бір кедергі жасамағанын ескереді.

Жоғарыда көрсетілгендей, тауарды сатып алу туралы хабарландыруда және шарттардың өзінде тапсырыс беруші сатып алатын тауарлардың сапалық сипаттамалары, оны мерзімінде орындау міндеттемелері нақты көрсетілген. Азаматтық кодекстің 10-бабына сәйкес, кәсіпкерлік қызмет кәсіпкердің атынан, тәуекел үшін және мүліктік жауапкершілік үшін жүзеге асырылады. Сондықтан, Заңның 38-бабының 4-тармағына сәйкес, тапсырыс берушінің тауарды белгілі бір мақсаттарда пайдалану үшін жеткізу туралы ұсынысын қабылдай отырып, осыған байланысты оны сатып алу жүргізіледі, жауапкер жоғарыда аталған материалдық құқық нормаларына байланысты және Азаматтық кодекстің 272, 273-баптарына сәйкес, шартта көрсетілген тауарды жеткізуге міндетті.

Сот жоғарыдағы мән-жайларды ескеріп, Заңды және Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» қаулысын негізге ала отырып, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деген қорытындыға келеді.

Документ подписан: Канбаев А. К., 21.11.2024
Дата вступления в законную силу: 30.12.2024, судья Канбаев А. К., 30.12.2024
7119-24-3-1/13988

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«№1 Автобус паркі» акционерлік қоғамының талабы қанағаттандырылсын.

«QazzaQ01» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын және одан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы сотқа арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурордың апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Қанбаев

Документ подписан: Канбаев А. К., 21.11.2024

Дата вступления в законную силу: 30.12.2024, судья Канбаев А. К., 30.12.2024

7119-24-3-1/13988